ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120014, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29, тел: +7 (7242) 55-98-51;
факс: +7 (7242) 55-98-51; email: 110202@sud.kz

120014, Республика Казахстан, Кызылординская область, город Кызылорда, улица Айтеке би, 29, тел: +7 (7242) 55-98-51;
факс: +7 (7242) 55-98-51; email: 110202@sud.kz

27.10.2023 № 4360-23-5-29/15051

талап қоюшы: «Өркендеу ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ
Қызылорда обл, Қазалы ауд,
Өркендеу ауылдық округі,
Жанкент ауылы, Қорқыт ата к/сі №21

жауапкер: ЖК «Тунгышбаева Ш.С.»
Тунгышбаева Шолан Сабитовна
Қызылорда қ, Проектировщик к/сі №276
тел 8 747 555 23 93

Талап қоюшы «Өркендеу ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Тунгышбаева Шолпан Сабитовна» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы сұраған азаматтық ісі бойынша 19.10.2023 жылғы шешім көшірмесі жене ұйғарым көшірмесін мәлімет үшін жолданады .

Қосымша: шешім көшірмесі -- бетте.
ұйғарым көшірмесі -- бетте

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Орынд.: Таженова Г. О.
тел.: 8-7242-55-98-56,, 724-2463@sud.kz

4360-23-5-29/15051-27.10.2023

2-2344-23

Құжатты жасаған: ТАЖЕНОВА Г. О., 8-7242-55-98-56,, 724-2463@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: ӘБІЛҚАЙЫСҚЫЗЫ А., 27.10.2023 19:00
ҚР Жоғарғы соты, Төрелік АЖ. ЭСҚ тексеру нәтижесі ОҢ

Ұ Й Ғ А Р Ы М

2023 жылғы 19 қазан №4360-23-00-2/2344 Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Әбілқайысқызы талап қоюшы «Өркендеу ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Тунгышбаева Шолпан Сабитовна» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы электрондық форматта оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап,

А Н Ы Қ Т А Д Ы:

Талап қоюшы жоғарыда көрсетілген талаппен сотқа жүгінген.

Талап қоюшы жауапкерді шарт бойынша міндеттемесін тиісті дәрежеде орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыппұлын өндіру туралы сотқа талап қойған.

Сот, іс материалдарын зерттеп, талап қоюдың тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған бөлігі төмендегі негіздермен қараусыз қалдырылуға жатады деп санайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» №4 нормативтік қаулысының 6-тармағына сәйкес, тұрақсыздық айыбын өндіріп алу тәртібі Қағидаларда реттелген. Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шартта тауарды жеткізу мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіден өнім беруші міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) ұстап қалады (өндіріп алады) не міндеттемелерді тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелердің сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) деген норма қамтылған. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауға тиіс. Барлық Үлгілік шарттарда ұқсас талаптар бар. Шартқа қол қойылғаннан кейін осы талаптар Тараптардың орындауы үшін міндетті болып табылады және Тапсырыс беруші төленуге жататын шарт сомасынан тұрақсыздық айыбын ұстап қалуға құқылы. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінгенге дейін Тапсырыс беруші дау айтылып отырған мәселелерді шешу тәртібі туралы шарттың талаптарын ескере отырып, дауды алдын ала сотқа дейін реттеу тәртібін сақтауы қажет.

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 27.10.2023

Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюмен жүгінген кезде тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын дербес ұстап қалуына кедергі келтіретін мән-жайларды көрсетуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 279-бабының 1) тармақшасына сәйкес сот, егер талап қоюшы осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген немесе шартта көзделген дауды сотқа дейін реттеу тәртібін сақтамаса және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жойылмаса, талап қоюды қараусыз қалдырады.

Сондықтан, талап қою қараусыз қалдырылуға жатады, себебі талап қоюда тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын дербес ұстап қалуына кедергі келтіретін мән-жайларды және тұрақсыздық айыбының нақты қандай күндері мен нақты соммасын көрсетпеген.

АПК-нің 279-бабының 1)-тармақшасын, 268-269-баптарын басшылыққа алып, сот

Ұ Й Ғ А Р Ы М Е Т Т І :

Азаматтық іс бойынша талап қоюшы «Өркендеу ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Тунгышбаева Шолпан Сабитовна» жеке кәсіпкеріне тұрақсыздық айыбын өндіру туралы бөлігі қараусыз қалдырылсын.

Талап қоюшыға талап арызды қараусыз қалдыруға негіз болған мән-жайлар жойылғаннан кейін жалпы тәртіп бойынша сотқа қайтадан талап қою арызын беруге құқылы екені түсіндірілсін.

Үйғарымға наразы жағы он жұмыс күні ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына жеке шағым беруге немесе прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Әбілқайысқызы

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 27.10.2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 19 қазан № 4360-23-00-2/2344 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Өркендеу ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Тунгышбаева Шолпан Сабитовна» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Өркендеу ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Тунгышбаева Шолпан Сабитовна» жеке кәсіпкерімемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Тунгышбаева Шолпан Сабитовна» жеке кәсіпкеріненмемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде

апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Көшірмесі дұрыс

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 27.10.2023

4360-23-3-1/2532